

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС
ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**



БЕКІТЕМІН

Басқарма төрағасы -

ректор, профессор

М. Төлеген

2024 ж.

ЕРЕЖЕ

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ КАФЕДРА ТУРАЛЫ**

ҚБЕ ШҚУ 03-061

Екінші басылым

№ _____

Енгізу күні _____

Өскемен қ.

2024 ж.

2024 жылғы 10 қыркүйек №12-кбе

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ кафедра туралы	ҚБЕ ШҚУ 03-061	15 беттің 2 беті

Мазмұны

1	Жалпы ереже.....	3
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Белгілер мен қысқартулар	5
4	Негізгі міндеттер	5
5	Негізгі функциялары	6
6	Ұйымдық құрылым	8
7	Құқықтар мен жауапкершілік	9
8	Өзгерістер.....	9
9	Келісу, сақтау және тарату	10

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ кафедра туралы	ҚБЕ ШҚУ 03-061	15 беттің 3 беті

1 Жалпы ереже

1.1 «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ кафедрасы туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – қоғам) ішкі құжаты болып табылады.

1.2 Ереже бекітілген сәттен бастап қолданысқа енгізіледі және қоғамның барлық кафедраларына қолданылады.

1.3 Кафедра университеттің негізгі оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшесі болып табылады және білім алушылар арасында оқу, әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмысын, сондай-ақ ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асырады.

1.4 Кафедра қоғамның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен құрылады, қайта құрылады және жойылады.

1.5 Кафедраның атауы оны құру кезінде белгіленеді және оны қайта құру кезінде өзгеруі мүмкін. Кафедраның атауы Білім (ғылым) саласының атауына, кафедраға бекітілген кадрларды даярлау және білім беру бағдарламаларының бағытына сәйкес келуі тиіс.

1.6 Кафедраны жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесі және/немесе ғылыми атағы бар, педагог қызметкерлер немесе басшы құрам лауазымдарында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар жоғары білікті қызметкерлер қатарынан конкурстық комиссияның қорытындысы негізінде Қоғамның Басқарма төрағасы-ректорының бұйрығымен тағайындалатын меңгеруші басқарады, егер лауазымдарда 5 жылдан астам жұмыс өтілі болса ғылыми дәрежесін талап етпестен педагог қызметкерлердің немесе басшы құрамнан.

1.7 Кафедра тікелей жоғары мектеп деканына, проректорларға және басқарма төрағасы-университет ректорына бағынады.

1.8 Кафедра өз қызметінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңдарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, мемлекеттік жалпыға міндетті Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерінде, қоғам жарғысында, қоғамның академиялық саясатында, Академиялық адалдық қағидаларында, қоғамның ішкі тәртіп қағидаларында және осы Ережеде көрсетілген.

1.9 Кафедра дербес заңды тұлға болып табылмайды, қоғамның балансында тұрады және оның меншігін пайдаланады.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ кафедра туралы	ҚБЕ ШҚУ 03-061	15 беттің 4 беті

1.10 Қоғам кафедрасы қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерімен, сондай-ақ өзі құрамына кіретін сол жоғары мектептің басқа кафедраларымен өзара іс-қимыл жасайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ереже Қоғамның академиялық, ғылыми және әлеуметтік-тәрбиелік қызметін реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

2.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы;

2.2 «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VІІІ ҚРЗ Заңы;

2.3 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы;

2.4 «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы;

2.5 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;

2.6 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жүзеге асыратын ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

2.7 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқу үдерісін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;

2.8 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

2.9 «Қашықтықтан оқыту бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша қашықтықтан және онлайн оқыту үдерісін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы;

2.10 «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығы;

2.11 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ кафедра туралы	ҚБЕ ШҚУ 03-061	15 беттің 5 беті

үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы;

2.12 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2020 жылғы 21 мамырдағы № 304 бұйрығымен бекітілген Университет Жарғысы;

2.13 Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 7 наурыздағы (№ 2 хаттама) шешімімен бекітілген Университеттің 2024–2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы;

2.14 Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген Университеттің академиялық саясаты (2024 жылғы 29 сәуірдегі № 11 хаттама).

3 Белгілер мен қысқартулар

ҚР ҒЖЖБМ ҚЖЖБСС – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті;

КЕ АҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам;

Қоғам – «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

ШҚУ ҚР – Шығыс Қазақстан университетінің құжатталған рәсімі;

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

СІҚЕЖББӨ – сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесі бойынша басшылықтың өкілі;

ЖМ – Жоғары мектеп;

СХЫжАБ – стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;

ҚББ – құрылымдық бөлімшенің басшысы;

ҚҚЕЖББ – құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;

Е – ереже;

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы.

4 Негізгі міндеттер

4.1 Терең кәсіби білімді жоғары жалпы мәдениетпен және азаматтықпен үйлестіретін білікті мамандарды даярлауды ұйымдастыру.

4.2 Оқу процесінде ғылыми зерттеулердің нәтижелерін пайдалану және білім беруде, экономикада және әлеуметтік салада жаңа ғылыми білім мен технологияларды алу мен пайдаланудың бірыңғай ұжымдық жүйесі ретінде білім беру, ғылыми, тәжірибелік-өндірістік, ғылыми-өндірістік, конструкторлық мекемелер, кәсіпорындар, инновациялық ұйымдар арасында өзара тиімді байланыстар орнату арқылы білім, ғылым мен өндірісті интеграциялау.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ кафедра туралы	ҚБЕ ШҚУ 03-061	15 беттің 6 беті

4.3 Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру, ғылыми білімді тарату және насихаттау.

4.4 Кафедра білім алушыларымен тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

4.5 Практикаға бағдарланған оқыту мен ғылыми зерттеулер процесінің ажырамас бірлігі негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алу арқылы тұлғаның зияткерлік, мәдени және адамгершілік даму қажеттіліктерін қанағаттандыру.

4.6 Қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес іс жүргізуді ұйымдастыру және жүргізу.

5 Негізгі функциялары

5.1 Ұйымдастыру жұмысы:

5.1.1 Кафедраны дамыту бағдарламасын әзірлеу.

5.1.2 Қолданыстағы нормативтік актілерге және істер номенклатурасына сәйкес іс жүргізуді ұйымдастыру және жүргізу.

5.1.3 Қызметкерлердің ғылыми және педагогикалық әлеуетін оңтайлы пайдалануды ескере отырып, қолданыстағы нормативтік құжаттар негізінде кафедра ПОҚ оқу жүктемесін есептеу және бөлу.

5.1.4 Кафедра ПОҚ оқу, ғылыми, әдістемелік және тәрбие жұмысының жеке жоспарларының, кафедраның тұрақты және біржолғы тапсырмаларының орындалуын бақылау.

5.1.5 Сабақ кестесін жасау үшін белгіленген мерзімде өтінімдер беру, бекітілген сабақ кестесі кафедрасының ПОҚ орындалуын бақылау және бекітілген кесте бойынша сабақ өткізу үшін оқытушыларды уақтылы ауыстыру.

5.1.6 Кафедраға бекітілген үй-жайлардың, сондай-ақ жабдықтардың, әдебиеттің және басқа да материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету.

5.1.7 Кафедраның білім беру бағдарламаларын аккредиттеуге дайындық.

5.1.8 Кафедраның білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша академиялық комитеттердің қызметін ұйымдастыру.

5.1.9 Оқу процесін жаңғырту және оқыту сапасын арттыру бойынша университет өткізетін іс-шараларға қатысу.

5.1.10 Кафедраның педагогикалық білім беру бағдарламаларының түлектерін педагогтердің білімін бағалау бойынша тестілеуге дайындау.

5.1.11 Кафедраның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие қызметін жүзеге асыру.

5.1.12 Кафедраның кәсіпорындармен, ғылыми және оқу ұйымдарымен байланысын кеңейту, еліміздің және әлемнің үздік университеттерінің жұмыс тәжірибесін зерделеу.

5.2 Оқу-әдістемелік жұмыс:

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ кафедра туралы	ҚБЕ ШҚУ 03-061	15 беттің 7 беті

5.2.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, кәсіптік стандарттар және жаңа кәсіптер атластары негізінде мамандарды даярлау және шығару жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларын, жұмыс оқу жоспарларын, пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (Syllabus) әзірлеу.

5.2.2 Кафедраның пәндері бойынша оқу сабақтарының барлық түрлерін жұмыс оқу жоспарына және бекітілген кестеге сәйкес өткізу, оларды өткізу сапасын қамтамасыз ету.

5.2.3 Білім алушылардың білім сапасын арттыратын заманауи білім беру технологиялары мен оқыту нысандарын әзірлеу және пайдалану.

5.2.4 Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

5.2.5 Білім алушылардың кәсіптік практикасын, тағылымдамасын ұйымдастыру және өткізу; дипломдық жұмыстарға (жобаларға) және магистрлік диссертацияларға (жобаларға) басшылық ету, оларды әдістемелік қамтамасыз ету.

5.2.6 Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыруға және оның бейініне сәйкес қайта даярлауға жәрдемдесу.

5.2.7 Кафедра пәндерін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету: оқулықтарды, оқу құралдарын, пәндерді зерделеу бойынша әдістемелік ұсынымдарды, оқытудың барлық нысандары бойынша ағымдағы, аралық және қорытынды білім бақылау материалдарын, сондай-ақ кафедра қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті басқа да оқу және әдістемелік материалдарды әзірлеу.

5.2.8 Осы процесті реттейтін қолданыстағы ережелер мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес білім алушыларды ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру.

5.2.9 Кафедраның бастауыш оқытушыларына педагогикалық шеберлікті меңгеруде психологиялық, әдістемелік көмек көрсету.

5.2.10 Үздік педагогикалық тәжірибе алмасу мақсатында ашық сабақтар, өзара сабақтар ұйымдастыру және өткізу.

5.2.11 Бірлескен білім беру бағдарламаларын (оның ішінде білім алушылар мен ПОҚ академиялық ұтқырлығы шеңберінде), қос дипломды бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

5.3 Ғылыми-зерттеу жұмысы:

5.3.1 Бағыты мен тақырыбы кафедра бейініне сәйкес келетін және оқытылатын ғылымдардың (пәндердің) теориялық және практикалық мәселелерін одан әрі дамыту тұрғысынан перспективалы болып табылатын ғылыми зерттеулер жүргізу.

5.3.2 Ғылыми жарияланымдарды (ҚР ҒЖЖБМ ҚЖЖБСС ұсынған мақалаларды, Scopus, WoS базаларымен индекстелетін халықаралық ғылыми журналдарда), монографияларды дайындау, зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне және өндіріске практикалық енгізу.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ кафедра туралы	ҚБЕ ШҚУ 03-061	15 беттің 8 беті

5.3.3 Кафедра бейіні бойынша ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және орындау – қаржыландырумен (кәсіпорындармен және ұйымдармен, фирмалармен, гранттар бойынша шарттар бойынша) және қаржыландырусыз (бастамасы бойынша) іргелі, іздестіру, қолданбалы ғылыми зерттеулер.

5.3.4 Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және басқару, шаруашылық, бюджеттік ҒЗЖ, ОКБ және гранттарға тапсырыс пакеттерін дайындау.

5.3.5 Ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар, ғылыми семинарлар мен вебинарлар, дөңгелек үстелдер, симпозиумдар ұйымдастыру және өткізу.

5.4 Тәрбие жұмысы:

5.4.1 Азаматтыққа және патриотизмге тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін қалыптастыру.

5.4.2 Білім алушыларды салауатты өмір салтына, кафедраның, жоғары мектептің және қоғамның қоғамдық іс-шараларына белсенді қатысуға ынталандыру.

5.4.3 Білім алушылардың ой-өрісін кеңейтуге, таңдалған мамандыққа құндылық қатынасын қалыптастыруға ықпал ететін кафедра бейіні бойынша аудиториядан тыс тақырыптық іс-шаралар өткізу.

5.4.4 Жалпы білім беретін мектептер, колледждер түлектері арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу; талапкерлерді іріктеуге қатысу.

5.4.5 Қоғам түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу; түлектерді кейіннен жұмысқа орналастыру мақсатында мамандар даярлауда кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен іскерлік ынтымақтастықтың әртүрлі нысандарын дамыту.

5.4.6 Білім алушылардың, кафедра қызметкерлерінің конкурстарға, конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға және т. б. қатысуын ұйымдастыру.

6 Ұйымдық құрылым

6.1 Кафедра құрамына кафедраның, жоғары мектептің немесе Басқарманың ұсынысы бойынша құрылатын және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін ғылыми, оқу, ғылыми-оқу және өндірістік бөлімшелер: секциялар, филиалдар, зертханалар, орталықтар кіруі мүмкін. Кафедра отырысының шешімімен кафедра ұжымының немесе деканаттың ұсынысы бойынша кафедра қызметінің міндеттерін шешу мақсатында уақытша бастамашыл бөлімшелер құрылуы мүмкін.

6.2 Кафедра қызметінің мәселелерін талқылау және тиісті шешімдер қабылдау үшін айына кемінде бір рет кафедра отырыстары өткізіледі. Кафедра өз құзыреті шегінде оқу-әдістемелік және ғылыми қызмет

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ кафедра туралы	ҚБЕ ШҚУ 03-061	15 беттің 9 беті

мәселелерін дербес шешуге құқылы. Кафедра шешімдері кафедраның барлық мүшелері үшін міндетті болып табылады.

6.3 Кафедра штатына ПОҚ: кафедра меңгерушісі, профессорлар, қауымдастырылған профессорлар, сениор-лекторлар, лекторлар, оқу-көмекші персонал, сондай-ақ кафедра жанынан құрылған ғылыми және басқа да құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері лауазымдары кіреді. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесі ҚР заңнамасымен және штат кестесімен белгіленеді.

6.4 Кафедра қызметкерлерінің оқу жылына штат саны нормативтік оқу жүктемесіне, профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесін жоспарлау бойынша қолданыстағы әдістемелік ұсынымдарға сүйене отырып айқындалады. Кафедраның ПОҚ оқу жүктемесін жоспарлау тәртібі жеке нұсқаулықпен анықталады.

6.5 Кафедра меңгерушісінің, ПОҚ және кафедраның оқу-көмекші персоналының лауазымдық міндеттері тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады. Кафедра оқытушылары мен қызметкерлерінің құзыреті (құқықтары мен негізгі міндеттері) мен жауапкершілігі кафедраның құқықтарынан, міндеттерінен және жауапкершілігінен туындайды.

6.6 Ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің лауазымдарына орналасу ҚР заңнамасында және қоғам жарғысында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7 Құқықтар мен жауапкершілік

Кафедралардың міндеттері мен функцияларын орындау бойынша құқықтары мен жауапкершіліктері кафедра қызметкерлерінің жеке лауазымдық нұсқаулықтарында айқындалады.

8 Өзгерістер

8.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу СІҚКЖЖБӨ -тың рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және өзгеріс туралы хабарлама түрінде оның қолы қойылып, құжатпен ресімделеді. Өзгерту туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы Ереже орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ ҚР 001-20 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген ережеге өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды әзірлеуші бөлімше ғана жүргізеді. Ережеге өзгерістерді ҚББ енгізеді, өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қояды.

8.2 Түпнұсқаға және ескерілген жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін СХЫАЖБ және ҚҚЕЖББ жауапты болады.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ кафедра туралы	ҚБЕ ШҚУ 03-061	15 беттің 10 беті

8.3 Ереже тексеру кезеңділігін есепке алу парағындағы жазбаны міндетті түрде енгізе отырып, үш жылда бір реттен сиретпей қайта қаралады.

8.4 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіздеме:

– нормативтік құқықтық актілерге заң күші бар жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

– Басқарма төрағасының-ректордың бұйрықтары;

– құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу;

– құрылымдық бөлімшелерді қайта құру;

– ҚББ рұқсатымен өзгерістер енгізу себебін көрсете отырып ІСҚЖБӨ

– қызметтік жазбасы.

8.5 Бөлімшенің атауы өзгерген кезде ереже ауыстырылуы керек.

8.6 Ауыстырылған жағдайда университетте бар күші жойылған Е-ның барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы тиіс.

8.7 Ескірген ережені ауыстыруға және алып қоюға СХЫАЖБ және ҚББ жауапты болады.

8.8 Күші жойылған ереже «күші жойылды» деген жазу көрсетіледі, «Күші жойылған» ережеге күні, қолы көрсетіле отырып, «күші жойылды» деген жазумен белгіленеді және мұрағатқа орналастырылады. Мұрағаттық құжаттар жұмыс үшін пайдаланылмайды.

9 Келісу, сақтау және тарату

9.1 Ережені ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келісуді ҚҚЕЖББ жүзеге асырады.

9.2 Ережені ҚҚЕЖББ әзірлейді.

Ереже келісіледі:

– ІСҚЖБӨ;

– басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор;

– басқарма мүшесі – экономикалық мәселелер және цифрландыру жөніндегі проректор;

– басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор;

– басқарма мүшесі – тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор;

– сапаны қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директорымен;

– құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісімен;

– персонал және құқықтық қолдау басқармасының жетекшісімен;

– оқытушылар мен қызметкерлер кәсіподағының төрағасымен;

– комплаенс-офицермен;

– заңгер кеңесшісімен.

9.3 ҚБЕ басқарма төрағасы-ректормен бекітіледі және ол жойылғанға дейін әрекет етеді.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ кафедра туралы	ҚБЕ ШҚУ 03-061	15 беттің 11 беті

9.4 ҚБЕ түпнұсқасы Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінде сақталады, оны сақтауға Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы жауапты болады.

9.5 Құрылымдық бөлімшенің барлық қызметкерлерінің ҚБЕ мазмұнымен жеке танысқаны үшін ҚБЕ түпнұсқасымен танысу парағына қол қойғызып ҚБЕ және кадрлар және құқықтық қолдау бөлімінің басшысы осы ҚБЕ мазмұнымен міндетті түрде танысқаны туралы хабарлау жолымен жаңа қызметкерді университетке жұмысқа қабылдау кезінде жауапты болады.

9.6 ҚБЕ есепке алынған жұмыс даналарын жіберуді Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі жүзеге асырады.

9.7 бөлімшеде ҚБЕ есепке алынған жұмыс данасын сақтауға КҚБ жауапты болады.

ӘЗІРЛЕГЕН:

Академиялық саясат және білім беру
бағдарламаларын басқару департаментінің
директоры



Е.Б. Домалатов

КЕЛІСІЛГЕН:

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі бойынша
басшылықтың өкілі



И.В. Ровнякова

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер
жөніндегі проректор



Н.Б. Алимбекова

Басқарма мүшесі-экономикалық мәселелер
және цифрландыру жөніндегі проректор

Е.Б. Мукажанов

Басқарма мүшесі-ғылыми жұмыс жөніндегі
проректор

Б.К. Рахадиев

Басқарма мүшесі-тәрбие және әлеуметтік
жұмыс жөніндегі проректор



Ж.А. Калимолдина

Сапаны қамтамасыз ету және халықаралық
ынтымақтастық департаментінің директоры



Д.Р. Сапарова


Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау
бөлімінің жетекшісі



А.К. Чудобаева

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру күні 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ кафедра туралы	ҚБЕ ШҚУ 03-061	15 беттің 12 беті

Персонал басқармасы және құқықтық қолдау
жетекшісінің м.у.а.



К.Р. Раисова

Оқытушылар мен қызметкерлер кәсіподақ
комитетінің төрағасы



А.С. Таранова

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс
қызметінің жетекшісі, комплаенс-офицер



Қ.Е. Жексембаев

Заң кеңесшісі



Д.М. Раева

[illegible]

